



Жаңа технологияны математика сабағында қолдану



Абдимбетова Гүлмира Бахитовна Павлодар облысы Павлодар қаласы К.Макпалеев атындағы №4 жалпы білім беу мектебінің математика пәнінің мұғалімі


[Ашық сабақтар](#)





Сабақтың тақырыбы:

«Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару» тақырыбына есептер шығару.





Сабақтың жоспары:

- 1. Ұйымдастыру кезеңі**
- 2. Үй тапсырмасын тексеру (рөлдік ойын).**
- 3. Өткен сабақты пысықтау**
 - а) ауызша жаттығулар ә) тест жұмысы**
- 4. Брейнг-ринг оқыта, үйрету ойыны (деңгейлік тапсырма)**
- 5. Сергіту сәті.**
- 6. Есептер шығару. (оқулықпен жұмыс)**
- 7. Қызықты есептер.**
- 8. Үйге №220**
- 9. Бағалау.**

Сабақтың мақсаты

- 1)Берілген өрнектерді түрлендіруде, теңдеулерді шешуде ережелерді пайдаланып,ортақ көбейткішті жақша сыртына шығара білу.
- 2)Оқушылардың ойлау,ауызша есептеу, сөйлеу қабілеттерін дамыту.
- 3)Оқушыларды дәлдікке,тапқырлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі

Жаңа білімді жалпылау сабағы
(бекіту)





Сабақтың көрнекілігі:

тест есептері жазылған карточкалар, деңгейлік тапсырмалар жазылған карточкалар, ауызша есептер жазылған плакаттар,

■ - КӨК ● - ҚЫЗЫЛ ▲ - жасыл жетондар
«4»-баға «5»-баға 3»-баға





Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

Оқушылардың сабаққа дайындығын ,қатысуын тексеру.

№215 есеп (шығармашылық жұмыс өткен тақырып бойынша 5- тест құрастыру.)

Үй тапсырмасын тексеру кезінде рөлдік ойын қолданамын. Онда сынып оқушыларын 3 топқа бөлемін.

Әр топта «сыншы», «сарапшы», «қорғаушы» және тапсырманы орындаған оқушыға өз пікірлерін білдіреді, яғни тапсырманың қалай орындалғанын айтады.

Жауап парағы бойынша тексеріледі. Топ жетекшілері өздері бағалау парағына әр оқушының бағасын қояды.





III. Өткен сабақты пысықтау.

а) Оқушылардан мынандай ережелерді сұраймын.

1. Бірмүше, көпмүше (анықтамалары)

2. Бірмүшені көпмүшеге қалай көбейтеміз?

3. Ортақ көбейткішті жақша сыртына қалай шығарамыз?

Мысалмен түсіндір.



ә) Тақтада ілінген плакатта жазылған есептерді әр топтан оқушылар жеке-жеке ауызша шығарады.

I топ

$$(-0,3 m) \cdot (-4n)$$

$$5x \cdot (6x+3y)$$

$$4 \cdot (3n - m)$$

II топ

$$(-4a) \cdot 5b$$

$$2y \cdot (3x - y)$$

$$8(4y - x)$$

III топ

$$2b \cdot (-3c)$$

$$-6a \cdot (5b - 2a)$$

$$6 \cdot (a^2 - 2b^2)$$



IV. Брейн-ринг оқыта, үйрету ойыны

Сынып оқушылары 4 адамнан топтарға бөлінеді. Үстелдің үстінде 4 бөлікке бөлінген жаймалар. Осы жаймалардың үстіне тапсырма жазылған карточкалар. В деңгейінде берілген тапсырмалар. Астында С деңгейіндегі оның үстінде В деңгейде берілген есептер одан кейін А (міндетті деңгей) берілген есептер қойылады. Топтар бір уақытта ойнайды.

Ең алдымен А деңгей бойынша берілген есептерді бірден дайындықсыз жауап беруге тиіс.

Қалған тапсырмаларға дайындалуға уақыт беріледі.

Ойын арасында әрі ойыншылар, топ жетекшілер жетондар мен бағалайды.





Ү.Сергіту сәті.

1 оқушы ортаға шығып,
сергіту сәтін жасатқызады.

Атадан он баламыз,
Әрбір жастан арамыз
Қосылып кейде басымыз
Азайып кейде қаламыз
Көбейіп те аламыз
Бөлініп те қаламыз.



ҮІ.Есептер шығару



№214

№215



- 1) $4a+3a^2= a(4+ 3a)$
- 2) $-20m + 30 n = -10 (2m-3n)$
- 3) $5a^2-15 a =5a (a-3)$
- 4) $-6xy+9 y^2=-3y (2x-3y)$
- 5) $0,5 x^3-2,5x= 0,5 x(x^2-5)$
- 6) $8 xy-4y^2 =4y (2x-y)$



ҮІІ.Қызықты есептер шығару (сандар әлеміне саяхат)

Вертикаль орындарынан торкөздердегі сандардың қосындысы да,горизонталь орналасқан сандардың қосындысы 100-ге тең болатындай бос клеткаларды толтыр.

23	41	
	34	19



ҮІІІ.Үйге тапсырма

№220





Назар

аударғандарыңызға

рахмет

